

## Маңғыстау облысы аумағында құрылым салу Қағидасы туралы

### Күшін жойған

Маңғыстау облыстық мәслихатының 2008 жылғы 16 мамырдағы N 5/73 шешімі. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2008 жылғы 18 маусымда N 2017 тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облыстық мәслихатының 2012 жылғы 10 тамыздағы № 5/68 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облыстық мәслихатының 2012.08.10 № 5/68 шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылымы және құрылым қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңының 21-бабы 4) тармақшасына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТИ**:

1. Қоса беріліп отырған Маңғыстау облысы аумағында құрылым салу Қағидасы бекітілсін.

2. Осы шешім алғаш рет реңми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Н. Қарасаев

Облыстық мәслихат хатшысы

Б.Шелпеков

"КЕЛІСІЛДІ"

Облыстық сәулет және қала  
құрылымы басқармасының бастығы  
Н. Жайлау

"—" 2008 ж.

Облыстық

мәслихаттың

2008 жылғы

16

мамырдағы

N 5/73 шешімімен бекітілген

### 1-бөлім. Жалпы ережелер 1-тaraу. Қағидада қолданылатын негізгі үйымдар

1. Маңғыстау облысы аумағында құрылым салу қағидасы (бұдан әрі - қағида) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қантардағы Экологиялық Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", 2001 жылғы 16 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылымы және құрылым қызметі туралы" заңдарына және "Объектілерді салу үшін бастапқы материалдарды (деректерді) және рұқсат беретін құжаттарды ресімдеу мен беру

тәртібін оңайлату жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы үкіметінің 2008 жылғы 6 мамырдағы N 425 қаулысына сәйкес өзірленген.

2. Қағида сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі субъектілерінің жер телімдерін пайдалану, елді мекендер аумақтары мен табиғи аумақтарды жобалауды және онда құрылыш салу шарттары мен талаптарын анықтап, жаңа жылжымайтын мүлік объектілерін орналастыруға және салуға немесе қолда бар объектілерді өзгертуге (қайта бағдарлау, қайта жабдықтау, қайта жоспарлау, қайта жаңғырту, кеңейту, құрделі жөндеу) рұқсат ететін рәсімдерден өту тәртібін белгілеуді .

3. Осы қағидада мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

қала құрылышындағы жылжымайтын мүлік объектілері (бұдан әрі - жылжымайтын мүлік объектілері) - ғимараттарды пайдалану, құрылышын салу және жаңғырту жұмыстары жүзеге асырылатын объектілер, осы объектілер орналасатын құрылыштар және жер телімдері;

инженерлік инфрақұрылым - адамдардың тіршілік етуі, сондай-ақ өндірістің немесе тауарлар мен көрсетілетін қызмет айналымының тұрақты жұмыс істеуі үшін қалыпты жағдай туғызатын кәсіпорындардың (ұйымдардың), объектілердің (ғимараттар мен құрылыштардың), инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету коммуникацияларының және желілерінің жиынтығы;

көлік инфрақұрылымы - көпір, тоннель және өзге де көлік құрылыштарының, жол тарамдары мен жол өткізгіштерінің, реттеуші белгі беру құрылғыларының, байланыстың, көлік жұмысының инженерлік қамтамасыз ету, жүктерді, жолаушыларды тасымалдайтын көлік құралдарына қызмет көрсету, өндірістік және қызмет көрсетуші адамдардың функционалдық қызметін қамтамасыз ететін объектілердің, қойма үй-жайлары мен аумақтардың, санитарлық-қорғаныш және күзет аландарының, сондай-ақ көрсетілген бағыттағы жолдарға және жылжымайтын мүлік объектілерін қамтитын объектілерге заңдарда бекітілген жерлердің кешені бар жерүсті (автомобиль және (немесе) темір) жолдарының, су (теңіз және (немесе) өзен) жолдарының жиынтығы;

құрылыш нормалары және қағидалары - аумақта құрылыш салуды жүзеге асырған кезде міндетті түрде атқарылуға жататын нормативтік-техникалық құжаттар ;

қала құрылышы регламенті - аумақтар (жер телімдері) мен басқа да жылжымайтын мүлік объектілерін пайдалану, орналастыру, шектеулер (қызындықтарды, тыйым салуларды және сервитуттарды қоса), сондай-ақ олардың заңнамалық тәртіппен белгіленген рұқсат етілетін кез келген жағдайын өзгерту режимі ;

қызыл сзызық - кварталдарды, шағын аудандарды, елді мекендерді жоспарлау құрылышындағы өзге элементтердің аумақтарын көшеден (жолдардан,

алаңдардан) бөліп тұратын шекаралар. әдетте қызыл сызық құрылыш салу шекарасын реттеу үшін қолданылады;

сары сызық - жойқын жер сілкіністері, өзге де табиғи немесе техногендік сипаттағы зілзалараптың салдарынан үйлердің (ғимараттардың, құрылыштардың) үйінділерге (қиратындыларға) айналуы барынша мүмкін болатын шекаралар. әдетте сары сызықтар ғимараттар мен құрылыштар арасындағы қашықтықты реттеу үшін қолданылады;

сәулет қызметі (бұдан әрі - сәулет) - обьектінің ішкі және сыртқы келбетін жасаудың шығармашылық үрдісімен қоса, құрылышқа арналған (қайта жаңғырту, қалпына келтіру) жобалау құжаттамасының сәулет бөлігінде белгіленген кеңістікті, композициялық, көлемдік-жоспарлық және қызметтік ұйымдастыруды, жобаны іске асыру кезінде авторлық қадағалауды жүргізуі қамтитын сәулет обьектілерін жасау жөніндегі қызмет;

қала құрылышы қызметі (бұдан әрі - қала құрылышы) - ұйымдардың қала құрылышын жоспарлау және аумақтар мен елді мекендерді дамыту, аумақтарды қала құрылышына пайдалану тұрларін анықтау, қала құрылышы кеңістігін қалыптастырудың, қала құрылышы жобасын жасаудың шығармашылық процесін, қала құрылышы құжаттамасының барлық шектес бөлімдерін үйлестіруді қамтитын қалалар мен селолық елді мекендерді кешенді жоспарлау жөніндегі қ ы з м е т ;

жоба - жеке және заңды тұлғалардың немесе мемлекеттің сәулет, қала құрылышы және құрылыш құжаттамасы (сызбалар, графикалық және мәтіндік материалдар, инженерлік және сметалық есептеулер) нысанында ұсынған, адамның мекендеуі мен тіршілік етуінің қажетті жағдайларын қамтамасыз ету жөніндегі тұркі ойы;

жобалар сараптамасы - тапсырыс берушінің (инвестордың) жобаны инвестициялаудың орындылығы және оны іске асыру туралы шешім қабылдаудына негіз болатын жобалау алдындағы немесе жобалау құжаттамасын әзірлеу кезеңі. Сараптама олардың мемлекеттік, қоғамдық және жеке мұдделерді, адамның тіршілік етуіне қолайлы және қауіпсіз жағдайлар жасауды, жобаланып отырған обьектілердің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік нормативтердің шарттары мен талаптарына сәйкестігін не сәйкес еместігін анықтау арқылы құжаттамаға талдау жүргізу және инвестицияның тиімділігін анықтау, сондай-ақ жобалардың сапасын бағалау болып табылады;

сәулет-жоспарлау тапсырмасы - обьектінің мақсатына, негізгі параметрлеріне және оны нақты жер теліміне (алаңға, трассаға) орналастыруға қойылатын талаптар кешені, сондай-ақ осы елді мекен үшін қала құрылышының регламенттеріне сәйкес белгіленген жобалау мен құрылышқа қойылатын міндетті талаптар, шарттар мен шектеулер. Бұл орайда түсі жөніндегі шешім мен үйлердің

ғимараттардың (құрылыштардың) қасбеттерін әрлеу материалдарын пайдалану, көлемдік-кеңістік шешім бойынша талаптар белгілеуге жол берілмейді;

елді мекеннің бас жоспары - қаланы, кентті, ауылды (селоны) не басқа да қонысты дамыту мен салуды кешенді жоспарлаудың қала құрылышы жобасы, онда аймақтарға бөлуді, оның аумағының жоспарлы құрылымы мен қызметін ұйымдастыру, көлік және инженерлік коммуникациялар жүйесі, көгалдандыру мен а б а т т а н д ы р у б е л г і л е н е д і ;

аумақтарды аймақтарға бөлу - қала құрылышын жоспарлау кезінде аумақтарды, жекелеген аймақтарды қала құрылышына пайдалану түрі мен оларды пайдалану жөніндегі мүмкін болатын шектеулерді белгілей отырып жұмыс істелетін а и м а қ т а р ғ а б ө л у ;

қоныстану аумағы - елді мекен аумағының тұрғын үй, қоғамдық (қоғамдық-іскерлік) және рекреациялық аймақтарды, сондай-ақ инженерлік және көлік инфрақұрылымдарының жекелеген бөліктерін, орналастырылуы мен қызметі арнаулы санитарлық-қорғаныш аймақтарын қажетсінбейтін басқа да объектілерді орналастыруға арналған бір бөлігі;

санитарлық-қорғаныш аймағы - арнаулы мақсаттағы аймақтарды, сондай-ақ өнеркәсіп кәсіпорындары мен елді мекендердегі басқа да өндірістік, коммуналдық және қоймалық объектілерді жақын мандағы қоныстану аумактарынан азаматтарға арналған тұрғын үй мен ғимараттардан және құрылыштардан оларға қолайсыз факторлардың әсер етуін әлсірету мақсатында бөліп тұратын аумак;

қабылдау комиссиясы - объектінің (кешеннің) дайындығына кешенді тексеру, технологиялық жабдықтар мен инженерлік жүйеге бақылау сынағын жүргізетін және салынған объектіні пайдалануға қабылдайтын уақытша алқалы орган;

жұмыс комиссиясы - нәтижелерін мемлекеттік қабылдау комиссиясына ұсыну үшін объектінің дайындығына кешенді тексеру жүргізетін уақытша а л қ а л ы о р ғ а н ;

өтініш беруші - өзінің мақсаты үшін (тұру, қызмет көрсету, өнімдер шығару, пайда табу және тағы сол сияқтылар үшін) жаңа құрылышты жүзеге асыруға ниеті бар немесе қолда бар ғимараттардың (құрылыштардың) жекелеген үй-жайларын немесе басқа бөліктерін қайта жаңғыртуды, қайта жоспарлауды, қайта жабдықтауды жүргізуге мүдделі жеке немесе занды тұлға (меншік иесі, тапсырысшы, құрылыш салушы);

рұқсат беретін құжаттар - өтініш берушіге жаңа объекті салу немесе қолда бар объектіні өзгерту жөніндегі өзінің ойын іске асыруға құқық беретін құжаттар .

Олар төмендегілерді қамтиды:

а) тиісті жергілікті атқарушы органның өтініш берілген объектіні салуға ведомствоның бағыныстағы жер телімінің аумағын (аумағын, трассаны) беру туралы шешімін не өтініш берушінің меншік немесе жер пайдалану құқығында

болатын телімді құрылышқа пайдалануға арналған рұқсаты;

б) тиісті жергілікті атқарушы органның қосымша жер телімін (аумақты) берумен (бөліп берумен) байланысты емес қолда бар объектіге (объектінің жекелеген бөліктеріне) сұратылған өзгерістер жүргізуге берген рұқсатын;

в) мемлекеттік сәулет және құрылыш инспекциясының функцияларын жүзеге асыратын мекеменің осы құрылышқа арналған құрылыш алаңында (жер телімінде, аумақта, трассада) белгіленген мақсаттағы объекті бойынша құрылыш-монтаж жұмыстарын жүзеге асыруға арналған рұқсаты.

қайта жаңғырту - әдетте, өзгертілетін объектілерін жаңарту әрі жаңғырту қажеттілігіне байланысты жекелеген үй-жайларды, ғимараттардың өзге де бөліктерін немесе тұластай ғимаратты өзгерту;

қайта жоспарлау - осы үй-жайдың (осы үй-жайлардың) шекарасын өзгерте отырып үй-жайдың (үй-жайлардың) жоспарын өзгерту;

қайта жабдықтау - әдетте, үй-жайды (үй-жайларды) қызметтік мақсатын өзгерту үшін тіршілікті қамтамасыз ету, пайдалану, қандай да бір өнімдер шығару, қызмет көрсету және тағы сол сияқтылар үшін ішкі технологиялық және (немесе) инженерлік жабдықтардың ішкі жүйесін толық немесе ішінара ауыстырумен байланысты өзгерту;

құрылымдық шешімдерді өзгерту - қолда бар объектілердің тіреу және (немесе) сыртқы қоршау құрастырмаларын (іргетастарды, негіздерді, қаңқаларды, бағандарды, тіреулерді, арқалықтарды, ригельдерді, фермаларды, сыртқы қабырғаларды, ішкі тіреу қабырғаларды, аражабындыларды, баспалдақ алаңшасы мен марштарын, лифтілік шахталарды және тағы сол сияқтыларды) қамтитын өзгерістер не құрылыш жобасында бұрын бекітілген құрылымдық шешімдерді өзгерту.

## **2-тaraу. Сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметін жүзеге асыру кезінде мекендейтін және тіршілік ететін қолайлы ортаны қамтамасыз ету**

4. Сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі аумақта төмендегідей жағдайда жүргізілуғе тиісті:

1) қоршаған ортаға әсерін бағалауды ескере отырып жүзеге асыруға және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, экологиялық, санитарлық-гигиеналық қауіпсіздік пен қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды қарастыруы тиіс;

2) халықтың, аумақтар мен елді мекендердің қауіпті (зиянды) табиғи және техногендік, антропогендік құбылыштар мен процестердің әсерінен қауіпсіздігі жөнінде зандарда белгіленген талаптарды қамтамасыз етуге негізделуі тиіс;

3) зандарда белгіленген тәртіппен тарихи, мәдени құндылықтар және

қорғалатын ландшафтық объектілер деп танылған аумақтар мен объектілердің сақталу талаптарына негізделуі тиіс.

5. Елді мекендерді не оның бір бөлігін жоспарлау және салу жөніндегі қала құрылышы құжаттамасында (қала құрылышы жобаларында) әлеуметтік, өндірістік, рекреациялық, инженерлік және көлік инфрақұрылымдарының құрамы мен құрылымы анықталуы тиіс, сондай-ақ:

1) қоныстандыру түрін (рөлін) ескере отырып, аумақты абаттандыру, көгалдандыру, инженерлік дайындау және қажетті сервитуттар;

2) аумақта кешенді құрылыш салу;

3) халықтың әлеуметтік, демографиялық және кәсіптік түрлі топтарының мүдделерін ескеру;

4) нормативтік талаптарды (шектеулерді, шарттарды) сақтау;

5) қызмет көрсету саласында бәсекелестік ортаны дамыту көзделуі тиіс.

### **3-тарау. Мемлекеттік қала құрылышы кадастрының мақсаты және сәulet, қала құрылышы, құрылыш салу мониторингі**

6. Мемлекеттік қала құрылышы кадастры - қала құрылышы регламенттерін, қала құрылышы, сәulet және құрылыш қызметі аумағын оның пайдаланылу режимінің әлеуметтік-құқықтық белгілері, инженерлік-техникалық қамтамасыз етілу деңгейі, онда орналасқан объектілердің параметрлері мен жай-күйі, сондай-ақ табиғи-климаттық жағдайлары мен экологиялық жай-күйі бойынша сипаттайтын картографиялық, статистикалық және мәтіндік ақпаратты қамтитын сан және сапа көрсеткіштерінің мемлекеттік жүйесі;

7. Объектілер мониторингі - өмір сүру ортасының жай-күйін зерттеу арқылы бірынғай әдіспен жүргізілетін жылжымайтын мүлік нысандарының жай-күйі мен өзгерістерін байқау жүйесі;

8. Нысандар мониторингінің мәліметтері Мемлекеттік қала құрылышы кадастрына енгізілуі тиіс.

### **2-бөлім. Облыс аумағында құрылыш салуды реттеу 4-тарау. Облыс бойынша қала құрылышын салуға жер телімдерін пайдалануға қойылатын талаптар**

9. Құрылыш үшін жер телімдерін берген кезде, оларды пайдалануға қала құрылышы талаптары бас жоспарларды, жоспарлау жобаларын, құрылыш жобаларын, сондай-ақ функционалдық қала құрылышын аймақтандыру жоспарын және құрылыш салу ережелерін ескере отырып белгіленеді.

10. Кешендерді және жеке объектілерді орналастыру үшін тапсырыс

берушінің қаражаты есебінен сәulet-қала құрылышы тораптарының құрылышын салу және жоспарлау жобалары түрінде сәulet - қала құрылышы құжаттамасы өз ірленеді.

11. Объектілер құрылышын салу үшін жер телімін беру Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 43, 44-баптарында белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдар арқылы жүзеге асырылады. Бұл ережеге тапсырыс берушіге меншік құқығымен тиесілі жеке үй жанындағы саяжай, бау-бақша, егінжай телімдерінде уақытша құрылыштар, шаруашылық-тұрмыстық құрылыштар және абаттандыру элементтерін, сондай-ақ тапсырыс беруші жер пайдалану құқығымен пайдаланатын телімдерінде (аумақтарда) маусымдық жұмыстар мен шалғайдағы мал шаруашылығына арналған тұрғын және тұрмыстық үй-жайларды салу қосылмайды.

12. Объекті салу үшін жер телімін таңдауды сәulet және құрылыш органдары жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органмен бірлесіп, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның қатысуымен жерге орналастыру және қала құрылышы регламентіне сәйкес жүзеге асырады.

13. Облыс бойынша жер телімдерін беру қазақстан Республикасының Жер заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

14. Көрсетілген талаптар жер телімінің құқықтары басқа тұлғаға ауысқан жағдайда сақталады.

15. Ұзақ мерзімге жалға алу немесе меншік құқығын иеленген заңды тұлға жер телімін игеруді қала құрылышы төлкүжатына сәйкес жүзеге асырады.

16. Жер телімдерін бөлген немесе олардың шекаралары және параметрлері езгергенде қызыл сыйық, құрылышты реттеу сыйықтары және қала құрылышы регламенттерінің талаптары сақталады. Жылжымайтын мүлік объектілерін бөлген жағдайда олардың бөлімдері жылжымайтын мүліктің дербес объектілері ретінде қызмет ететіндей жағдай қамтамасыз етілуі тиіс.

## **5-тaraу. Құрылыш-монтаж жұмыстарын жүргізуге арналған рұқсат**

17. Құрылыш салуға рұқсат - меншік иесінің, жылжымайтын мүлік объектісі иесінің, пайдаланушы немесе жалға алушының жер телімінде құрылыш салуға, ғимаратты, құрылымды, құрылышты қайта жаңғыртуға, аумақты абаттандыруға құқығын күзейдіратын құжат.

18. Белгіленген тәртіппен бекітілген, жергілікті сәulet және қала құрылышы органдарымен (қызметтерімен) келісілген жоба (нобайлық жоба), сондай-ақ сараптаманың он қорытындысы құрылыш-монтаж жұмыстарын жүргізуге рұқсат алу үшін негіз болып табылады.

19. Құрылым-монтаж жұмыстарын жүргізуге мемлекеттік сәulet-құрылым инспекциясы қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік сәulet- құрылым бақылау органдары рұқсат береді (рұқсат беруден дәлелді бас тартады).

20. Құрылым-монтаж жұмыстарын жүргізуге арналған рұқсат жаңа объектіні салуға, не қолда бар объектіні өзгертуді ұйғарған мүдделі тұлғалардың өтініші бойынша б е р і л е д і .

Жазбаша өтініште :

1) жеке тұлғалар үшін - өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты, мекенжайы және т е л е ф о н ы ;

2) занды тұлғалар үшін - ұйымның атауы, оның мемлекеттік тіркеу нөмірі, басшының тегі, аты, әкесінің аты, пошталық мекенжайы мен телефоны;

3) салу ұйғарылған объектінің мақсаты;

4) өзгерту ұйғарылған объектінің мекенжайы (орналасқан жері) және оны өзгертудің мақсаты ;

5) объектінің салуға жер телімін беру (жерді пайдалануға рұқсат беру) немесе қолда бар объектіні өзгертуге рұқсат беру туралы жергілікті атқарушы орган берген құжаттардың көшірмесі;

6) белгіленген тәртіппен келісілген және бекітілген жоба, сондай-ақ қазақстан Республикасының заңнамасында қаралған жоба сараптамасының он қ о р ы т ы н д ы с ы .

21. Құрылым-монтаж жұмыстарын жүргізуге арналған рұқсатты алуға қажетті құжаттардың тізбесін сәulet, қала құрылымы және құрылым саласындағы уәкілетті орган белгілейді. қажет болған жағдайларда, өтінішке өртке қарсы, санитарлық-эпидемиологиялық, экологиялық қадағалау органдарымен (қызметтерімен) жобаны келісуі туралы қорытындылар және Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген өзге де құжаттар қоса тіркеледі.

Жағалаудағы аймақтарда орналасқан, қала құрылымы сипатындағы жобалар ластағыш заттар шығарылымдары, атап айтқанда: жеке қазандықтар, дизель генераторлары, жер асты гаражы, ағынды суды төгу үшін жеке септиктерді пайдалану болған жағдайда мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткізуге ж а т а д ы .

22. Төмендегі жағдайларда құрылым-монтаж жұмыстарын жүргізуге рұқсат талап етілмейді :

1) негізгі құрастырмаларын өзгертпей-ақ, жер телімінің (аумақтың, трассаның ) қазіргі шекарасында жүзеге асырылатын объектілерді қайта жаңғыру, қайта жоспарлау, қайта жабдықтау, техникамен қайта жарақтандыру, күрделі жөндеу;

2) көшелердің, алаңдардың, өткелдердің жол жабындылары мен көше төсемдеріне ағымдағы жөндеу жүргізу, шағын сәulet нысандарын, сәндік ашық жасанды бассейндерді, фонтандарды, қалалық безендіру қондырғыларын сәulet

және көгалдандырудың жер бедері элементтерін салғанда және жайластырғанда;

3) уақытша мақсаттағы көмекші және қосалқы құрылыштар салғанда.

## **6-тaraу. Қала құрылышы саласындағы сервитуттар**

23. Қала құрылышындағы жылжымайтын мүлік объектілеріне қатысты жариялы және жеке сервитуттар белгіленуі мүмкін.

24. Жариялы сервитут жергілікті атқарушы органдардың нормативтік құқықтық актілері негізінде белгіленеді, егер мемлекет және жергілікті халық мұдделерін қамтамасыз ету үшін осы қажет болған жағдайларда, жер телімдері қайтари п а л ы н б а й д ы .

25. Қала құрылышы саласындағы жеке сервитуттар осы телімдерге жеке меншік немесе жер пайдалану құқығы бар субъектілермен шарт бойынша белгіленеді. Көрші немесе өзге де жер телімдерін шектеулі пайдалану құқығы (жеке сервитут) қазақстан Республикасы Жер Кодексінде көзделген жағдайларда белгіленуі мүмкін.

## **3-бөлім. Маңғыстау облысы аумағында құрылыш салу тәртібі 7-тaraу. Аумақта құрылыш салуға қойылатын жалпы талаптар**

26. Маңғыстау облысы аумағында құрылыш салу тәртібі қолданыстағы нормативтік актілер негізінде әзірленген және сәulet-қала құрылышы қызметін жүзеге асыру бөлігінде жергілікті атқару органдарының шешімдеріне негізделеді .

27. Тәртіп Қазақстан Республикасы аумағында қолданылатын нормативтер, жобалау мен құрылыш жөніндегі қағидалар ескеріле отырып қолданылады.

28. Маңғыстау облысы аумақтарында құрылыш жұмыстарының барлық түрлері белгіленген тәртіpte, жергілікті атқарушы органдар (қалалар және аудан әкімдері) азаматтарға және занды тұлғаларға беретін рұқсат етуші құжаттар болғанда ж ү р г і з і л е д і .

29. Объектінің салуға және жобалауға рұқсат етуші құжаттар:

1) тиісті жергілікті атқарушы органның ведомствосына қарасты аумақтан өтініш берілген құрылыш объектісін салуға жер телімін (аумақ, трасса) беру туралы шешімі немесе өтініш берушіге жер пайдалану құқығымен тиесілі телімде құрылыш салуға берген рұқсаты;

2) тиісті жергілікті атқарушы органның қолда бар объективін (объектінің жекелеген бөліктерін) қосымша жер телімін берумен (бөліп берумен байланысты емес сұратылған өзгертуді жүргізуге берген рұқсаты;

құрылыш салуға арналған жер телімінде (құрылыш алаңында, аумағында, трассада) нақты нысанның құрылыш-монтаж жұмыстарын жүргізуге рұқсатты

объектілердің құрылышының сапасын мемлекеттік сәулеттік-құрылыштық бақылауды жүзеге асыратын сәulet, қала құрылышы және құрылыш істері жөніндегі уәкілетті орган береді.

30. Жаңа объектінің құрылышын жүзеге асуру, не қолда бар объектіні өзгертуді ұйғарған тұлғаның жазбаша өтінішінде тиісінше төмендегілер көрсетілуі көрек:

1) жеке тұлғалар үшін - өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты, мекенжайы және телефоны, салық төлеушінің тіркелу нөмірі (СТТН);

2) заңды тұлғалар үшін - ұйымның атауы, оның мемлекеттік нөмірі, басшының тегі, аты, әкесінің аты, пошталық мекенжайы мен телефоны, салық төлеушінің тіркелу нөмірі (СТТН);

3) салу көзделіп отырған объектінің негізгі параметрлері, мақсаты (есептелген қуаты, жалпы алаңы, сыйымдылығы, өткізу мүмкіндігі және тағы сол сияқтылар);

4) жаңа құрылыш телімін орналастыру болжанған (қалап алынған) жер негіздемесі;

5) өзгертуге жататын қолда бар объектінің (үй-жайдың, ғимарат немесе құрылыш бөліктерінің) мекенжайы (орналасқан жері), өзгертудің мақсаты және көзделген өзгерістің негізгі параметрлері.

қолда бар объектілерді өзгертуге рұқсат алу үшін өтінішпен бірге өтініш берушінің өзгертілетін объектіге меншік құқығын растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі не белгіленген өзгертулер мен оның параметрлеріне объекті иесінің (меншік иелерінің) жазбаша келісімі қоса беріледі.

31. Егер өтініш беруші сұралып отырған жер телімінің нақты орнын және оның көлемін (шекарасын) көрсеткен жағдайда, жергілікті сәulet және қала құрылышы органдары (қызметтері) телімнің орналасқан жері жөнінде олардың қалауына және құрылыш салу көзделген объектінің негізгі параметрлеріне негіз болатын ықшамдалған алдын ала жобалау материалдарын (нобайларды) сұратуға құқығы бар.

32. Түскен өтініш бойынша жергілікті атқарушы орган тиісті жергілікті сәulet және қала құрылышы органдына (қызметіне) жаңа құрылыш объектісін орналастыру үшін жер телімін (аумақты, трассаны) таңдауды, бекітілген қала құрылышы құжаттамаларына және қала құрылышы регламенттеріне сәйкес жер телімінің көлемі мен шекарасы жөнінде ұсыныстар дайындауды тапсырады. Жер телімін таңдау СЭС, ТЖ және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдар өкілдерінің қатысуымен жүргізіледі.

33. өтініш берілген объектінің құрылышын салуға жер телімін (аумақты, трассаны) беру туралы не өтініш берушіге меншік немесе жер пайдалану

құқығына тиесілі телімді құрылышқа пайдалануға рұқсат беру туралы өтініш берілген сәттен бастап шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін - 10 күнтізбелік күн, қалған заңды және жеке тұлғалар үшін 30 күнтізбелік күн ішінде қаралады.

34. Жер телімін беру не өтініш берушіге меншік немесе жер пайдалану құқығына тиесілі не жер телімін құрылыш салуға пайдалануға рұқсат беру туралы оң шешім мүмкін болмаған жағдайда, жергілікті атқаруши органдар өтініш берілген сәттен бастап он күн ішінде өтініш берушіге (тапсырысшыға) оның ұйғарымына қайшы келетін заңнамалық нормаларды (ережелерді, талаптарды, шектеулерді, сервитуттарды) көрсете отырып, бас тартуды дәлелдей, жауап қайта<sup>ты іс</sup> .

Өтініш берушінің жергілікті атқаруши органға жеткіліксіз, дұрыс емес, не заңнамаға немесе мемлекеттік нормативтерге сәйкес келмейтін өзге де негіздерді (өтініш құжаттарын) ұсынуы рұқсат беру құжаттарын беруден бас тарту үшін себеп<sup>болып</sup> табады .

Оң шешім беруден бас тартылса, өтініш берушінің қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен шағымдануға мүмкіндігі бар .

35. Жергілікті атқаруши орган өтініш берілген объектіні салуға жер телімін беру (бөліп беру) туралы берген шешім не өтініш берушінің меншік немесе жер пайдалану құқығына тиесілі телімді құрылыш салуға пайдалануға берген рұқсат заңнамалық актілерде көзделген жағдайларда қайтарып алынуы мүмкін.

36. Маңғыстау облысы аумақтарында құрылыш салу жөнінде белгіленген тәртіпті бұзуға жол берген (әртүрлі құрылыш жұмыстарын орындау) азаматтар мен заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодексіне сәйкес жауапқа тартылады.

37. Рұқсат етуші құжаттар жобалық және құрылыш жұмыстарының келесі түрлеріне<sup>ресімделеді</sup>:

1) ғимараттарды, құрылыштарды және әртүрлі мақсаттағы кешендерді жаңадан салуға, қайта жаңғыртуға (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау), кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыру және күрделі жөндеуге;

2) тарих, археология, мәдениет және сәулет ескерткіштеріне жатқызылған объектілердің және ғимараттардың қорғау аймақтарын анықтауға, күрделі жөндеу жүргізуге, жаңғыртуға және консервациялауға;

3) жер асты және жер үсті инженерлік коммуникацияларын, автомагистральдарды, көшелерді, жолдар мен көлік құралдарын, теміржолдарды және ғимараттарын, метрополитенді және оның ғимараттарын, трамвай жолы мен ғимараттарын, троллейбус желілерін және ғимараттарын, қоғамдық көлік аялдамаларын жаңадан салу, қайта жаңғырту, кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру және күрделі жөндеу,

4) аландарды, саябақтарды және басқа да мақсаттағы жасыл аймақтарды, бассейндерді және фонтандарды, қоршауларды, шағын сөulet нысандарын, көше жарығы қондырғыларын, ғимараттарды, құрылыштарды және кешендерді жарықтандыру, түрлі жарнамаларды, ақпараттық құрылғыларды және жол көрсеткіштерін жаңадан салу қайта жаңғырту, курделі жөндеу және қоғамдық мақсаттағы аумақтарды жарақтандыру жөніндегі басқа да жұмыстар;

5) геотехникалық зерттеулер үшін жерді бұрғылау және қазу, карьерлерді игеру және әртүрлі мақсатта ұнғымаларды бұрғылау;

6) табиғи ландшафты қалпына келтіру;

7) уақытша объектілерді, павильондарды, дүңгіршектерді, жазғы аландарды, базарларды, көлік тұрақтарын, гараждарды, жанаармай қую станцияларын, автомобильдерді техникалық қарау және диагностикалық бекеттерді, әртүрлі мақсаттағы құрылымдарды және ғимараттарды орналастыру және аббаттандыру, қоршауларды, уақытша инженерлік жүйелерді, көшени жарықтандыруды орнату;

8) жасыл желеңтерді және құрылымдарды бұзу, аумақтарды жоспарлау жөніндегі жер жұмыстары, ғимараттардың, құрылымдардың және құрылыштардың сыртқы және ішкі тіреу қабыргаларын бөлу, негізгі жаяу жүргіншілер жолының бөліктерін және аландарды асфальттау, бетондау, тротуарлар плиталарын төсеу және нәтижесінде объектінің сыртқы параметрлері және функционалдық пайдалануын өзгертетін жұмыстардың басқа да түрлері.

38. Рұқсат етуші құжаттарсыз жергілікті сөulet, қала құрылышы органдарының міндетті түрдегі бақылауымен келесі құрылыш жұмыстары орындалады:

- 1) шатырды конфигурациясын, түсін және жабын түрін өзгертпей жөндеу;
- 2) ағаш бұйымдарын мөлшерін және пішінін өзгертпей ауыстыру;

3 ) ішкі әрлеу жұмыстары ;

4) қасбет және түс элементтерін өзгертпей, сыртқы әрлеу жұмыстары;

5) құбырлардың диаметрін және инженерлік жабдықтаудың қолда бар сұлбаларын үй-жайларды және қасбеттердің жоспарын өзгертпей ғимараттарда және құрылыштарда санитарлық-техникалық құрылғыларды және жабдықтарды жөндеу және ауыстыру ;

6) мерекелік көшілік шараларды өткізу кезінде халыққа қызмет ету үшін сауда нұктелерін орналастыру.

## **8-тaraу. Маңғыстау облысы аумағындағы құрылыш және қайта жаңғырту объектілерін жобалау**

39. Ескерту: алғыншыл тасталды - Маңғыстау облыстық мәслихатының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы N 10/127 шешімімен (жарияланғаннан кейін он

**күнтізбелік    күн    өткен    соң    қолданысқа    енгізіледі).**

40. Жергілікті атқарушы органның өтініш берушіге жаңа құрылыш салуы үшін жер телімін беру (бөліп беру) шешімі (өтініш берушінің иелігіндегі телімді пайдалануына берген рұқсаты) немесе қолда бар объектіні өзгертуге берген рұқсаты Тапсырыс берушінің, не оның уәкілетті тұлғасының (құрылыш салушының) жобалауға арналған тапсырманы әзірлеуіне және бекітуіне оларды инженерлік және коммуналдық жабдықтау көздеріне қосуына техникалық шарт алуды үшін негіз болып табылады.

41. Инженерлік және коммуналдық жабдықтау жөніндегі қызметті жеткізушилер өтініш берушіге өтініш негізінде он күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде сұратылған (есептік) параметрлер шегінде техникалық шарт беру, не сұратылып отырған параметрлер шегінде техникалық шарт беруден бас тарту туралы жауап қайтарады. Техникалық шарт беруден бас тартқанда, өтініш беруші қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен шағымдауы мүмкін.

42. Тапсырыс берушінің өтініші бойынша жергілікті сәулет және қала құрылышы органдары (қызметтері) тапсырысшыға не оның уәкілетті тұлғасына (құрылыш салушыға) үш жұмыс күні ішінде облыстың бас сәулетшісімен келісілген сәулет-жоспарлау тапсырмасын береді. Сәулет-жоспарлау тапсырмасы:

- 1) жергілікті атқарушы органның жаңа құрылыш үшін жер телімін беру (бөліп беру) (қолда бар телімді пайдалануға рұқсат беру) туралы шешімі;
- 2) жергілікті атқарушы органның қолда бар объектілерді өзгерту үшін қайта жаңғыртуға (қайта жоспарлауға, қайта жабдықтауға) берген шешімі;
- 3) жобалауға арналған бекітілген тапсырма;
- 4) инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету көздеріне қосуға техникалық шарттар негізінде беріледі.

43. Берілген сәулет-жоспарлау тапсырмасы белгіленген тәртіппен жобаны әзірлеуге рұқсат берілгендейін білдіреді. Сәулет-жоспарлау тапсырмасына табиғи-климаттық, сейсмикалық және қала құрылышы жағдайларын ескере отырып, әртүрлі мақсаттағы объектілерді жобалау жөніндегі жалпы ұсыныстар кіреді.

44. Жасақталған жоба сәулет-жоспарлау тапсырмасының негізгі талаптарына және ұсыныстарына сәйкес келуі тиіс.

45. Жаңа объектінің салуға немесе қолда бар объектіні қайта жаңғыртуға (қайта жоспарлауға, қайта жабдықтауға, жаңғыртуға, қалпына келтіруге) жер телімін беру (бөліп беру) талап етілмеген жағдайларда, сондай-ақ бұл мақсаттар үшін инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету көздеріне қосу немесе жүктемені арттыру қажет болмаса, онда сәулет-жоспарлау тапсырмасына тиісті

**ж а з б а**

**ж а с а л а д ы .**

46. Жаңа обьектіні салу (қолда бар обьектілерді өзгерту) жобаларына сараптама жүргізудің қажеттілігі не сараптаманың қажет еместігі сәulet-жоспарлау тапсырмасында көрсетіледі. Бұл ретте, жергілікті сәulet және құрылыш органдарымен (қызметтерімен) келісе отырып, тапсырыс беруші төмендегі құрылыш жобаларын сараптамаға ұсынбауға құқылы:

1) лицензиялары бар тұлғалар орындаған және қосымша жер телімін (аумақты бөліп беру) бөліп беруді талап етпейтін, құрастырмалардың есептік беріктігін төмендетпейтін, сәulettік-эстетикалық, өртке, жарылышқа қарсы және санитарлық сапаны нашарлатпайтын, пайдалану кезінде қоршаған ортаға зиянды әсер етпейтін тұрғын үйлердегі (ғимараттардағы) тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды қайта жаңартуды (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау);

2) азаматтардың жеке пайдалануына арналған техникалық жағынан күрделі е м е с                б а с қ а                д а                қ ұ р ы л ы с т а р д ы .

Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу тәртібі мен шартын қоршаған ортаны қорғау саласындағы өкілетті орган анықтайды, бұл тұрасында сәulettік-жобалау тапсырмасында талаптар белгіленеді.

47. Сәulet жоспарлау тапсырмасында төмендегідей жобалар бойынша сараптама жүргізу үшін талаптар немесе шарттар белгілеуге рұқсат берілмейді:

1) жергілікті сәulet және қала құрылышы органдарының (қызметінің) сәulet жоспарлау тапсырмасына сәйкес лицензиялары бар тұлғалар орындаған жеке тұрғын үйлер. Бұл ереже сейсмикалық қауіптілігі жоғары немесе арнайы жобалау шешімдері мен оларды сату кезіндегі іс-шараларды талап ететін өзге де ерекше геологиялық (гидрогеологиялық) және геотехникалық жағдайлары бар аудандардағы (аймақтардағы) жеке тұрғын үй құрылышына қолданылмайды;

2) маусымдық жұмыстар мен шалғайдағы мал шаруашылығына арналған уақытша құрылыштар, тұрғын үйлер мен тұрмыстық үй-жайлар;

3) жеке үй жанындағы телімдердің аумағындағы, сондай-ақ бау-бақша және егінжай серіктестіктерінің (қоғамдарының) телімдеріндегі шаруашылық-тұрмыстық құрылыштар;

4) жұмыс істеп тұрған инженерлік желілерді өзгертуді талап етпейтін үй жанындағы және саяжай телімдерін абаттандыру;

5) контейнерлік және блоктық тұтас кешендер, сондай-ақ жинамалы-бұзылмалы құрастырмалардан жасалған және санитарлық-эпидемиологиялық қызметтермен келісуді талап етпейтін сауда, қоғамдық тамақтану және тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарына арналған бір қабатты ғимараттар (құрылыштар);

6) саны 50 бірліктен көп емес автомашина қоюға арналған ашық үлгідегі автотұрақтар, сондай-ақ екеуден аспайтын автомашинаға арналған бокстері бар

г а р а ж д а р ;

7) қолда бар ғимараттарда жүзеге асырылатын және тіркеу құрастырмаларын өзгертуді талап етпейтін өндірістік емес үй-жайларды қайта жоспарлау (қайта жағдайқтау) ;

8) инженерлік желілерді электрлік топтанудан сақтау;

9) желілі инженерлік тораптар мен олардың құрылыштарын олардың жағдайын, салыну белгілерін, құбырлардың диаметрін өзгертуді қажет етпейтін күрделі жөндеу жүргізу ;

10) шағын сәулеттік объектілер мен аумақтардың қоршаулары;

11) ашық спорт аландары, ғимараттар (құрылыштар) маңындағы тротуарлар, төсөлген тастар ;

12) технологиялық ресурстары таусылған және кәсіпорынды (цехты) қайта жаңғыруды немесе қайта бейімдеуді талап етпейтін технологиялық немесе инженерлік жабдықтарды жөндеу және ауыстыру.

Осы тармақта көрсетілген жобалар бойынша сараптама жүргізу туралы шешімді тапсырыс беруші қабылдайды. қала маңында орналасқан (жағажайдан тыс) аумақта ластағыш заттардың шығарылым және тасталым көздері, атап айтқанда: жеке қазандықтар, дизель генераторлары, жер асты гараждары, ағынды суларды төгу үшін жеке септиктердің болуы т.б. да қарастырылмаған қала құрылышы объектілері мемлекеттік экологиялық сараптамадан өтуге жатпайтын болып табылады .

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 09 шілдедегі N 481 Су Кодексіне сәйкес "Қала құрылышы сипатындағы жобалар" мынадай жағдайларда: жағажай аймағында орналасқанда (рекреациялық), ластағыш заттарын шығару көздерінің болуы, атап айтқанда: жеке қазандықтар, дизель генераторлары, жер асты гараждары болса, ағынды суларды ағызатын септиктер болса экологиялық сараптамадан өткізілуғе тиіс .

48. Сәулет-жоспарлау тапсырмасына реңдік шешімдер және ғимараттардың (құрылыштардың) қасбетін әрлеу материалдарын пайдалану, сондай-ақ олардың көлемдік-кеңістік шешімдері бойынша талаптар белгілеуге рұқсат берілмейді.

49. Жобалауға берілген тапсырмаға және сәулет-жоспарлау тапсырмасына сәйкес әзірленген жоба оны бекіткенге дейін қажетті келісулерден өтеді. Салынатын объектінің немесе қолда бар объектінің жоспарланған өзгерістеріне, техникалық күрделілік деңгейіне, оларды салу (қайта жаңғырту, қайта жоспарлау , қайта жабдықтау) процесіне адамдар мен қоршаған ортаға олардың ықтимал қауіпінің, сондай-ақ алдағы уақытта пайдаланған кезде мүмкін болатын ықпалына, объектінің тұластай тұрақты жұмыс істеуіне, құрастырмалардың беріктігі мен сенімділігіне, қоршаған ортаға немесе санитарлық жағдайға бағындысты жобаларды :

- 1) өртке қарсы қызметпен;
- 2) санитарлық-эпидемиологиялық қызметпен;
- 3) қоршаған ортаны қорғау саласындағы өкілетті органмен келісуі қажет.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында басқаша қарастырылмаған болса, көрсетілген инстанцияларда келісу мерзімі ведомствоның нормативтермен белгіленеді.

50. Келісілген жоба Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы ережеде басқаша қарастырылмаған жағдайда, сараптамадан өтеді.

## **9-тарау. Жалпы құрылымың аудандарында жеке құрылымы (қоныстық) салуды жобалау**

51. Жеке құрылымы салу ауданының сәулеттік бейнесі, оның жоспарлық құрылымы, үйлердің тұрпаттары, қабаттылығы, абаттандырылуы жергілікті сәулет және қала құрылымы органдарының сәулет - жоспарлау тапсырмасына сәйкес жасақталған сол ауданың құрылымы салу жобасымен анықталады.

52. Жеке тұрғын үйлерді жобалау және салу құрылымы нормаларына және құрылымы салу ережелеріне сәйкес белгіленген тәртіpte жүзеге асырылады.

53. Жеке құрылымы салу аудандарында бекітілген жобаға сәйкес шаруашылық құрылыштарын салуға рұқсат етіледі.

54. Жеке тұрғын үй құрылымы үшін жер телімінің мөлшері нормативтік-құқықтық актілерге және бекітілген жобаға сәйкес белгіленеді.

## **10-тарау. Тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды қайта жаңғырту (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау)**

**55. Ескерту: алғыншылдардың тастандау облыстық мәслихатының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы N 10/127 шешімімен (жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**

56. Тұрғын үй ғимараттарындағы тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды, сондай-ақ тұрғын үй ғимараттарының өзге де бөліктерін өзгертуге мүдделі және жергілікті атқарушы органдардың тиісті шешімі бар тұлға объектінің орналасқан жері бойынша сәулет және қала құрылымы органдарына (қызметтіне) өтініш береді.

Өтінішке өзгеріледін үй-жайға өтініш берушінің меншік құқығын растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі не үй-жайлардың немесе ғимараттардың өзге де бөліктерін өзгертуге меншік иесінің (меншік иелерінің) жазбаша келісімі қоса беріледі.

57. Жергілікті сәулет және қала құрылымы органдары (қызметтері) өтініш беруші ұсынған құжаттарды қарағаннан кейін, сәулет-жоспарлау тапсырмасы

мен үй-жайларды (ғимараттың бөліктерін) өзгерту жобасын әзірлеуге қажетті бастапқы деректерді беру немесе оларды беруден бас тарту туралы шешім қабылдауды .

### 58. Төмендегідей жағдайларда:

1) өзгертілетін объектіге өтініш берушінің тиісті меншік құқығы не үй-жайдың меншік иесінің нотариалдық куәландырылған жазбаша келісімі болмаған жағдайда ;

2) егер жоспарланған өзгерістерде үй-жайды нормативтік-құқықтық актілерде және нормативтік-техникалық құжаттарда тыйым салынған әрі шектелген қызмет үшін пайдалану белгіленген болса, өзгертуге рұқсат беруден, сондай-ақ сәulet-жоспарлау тапсырмасын және бастапқы материалдарды (деректерді) беруден бас тартылуы мүмкін.

59. Сәulet-жоспарлау тапсырмасын және рұқсатты беруден бас тарту өтініш берушінің құжаты сай келмейтін нормативтік-құқықтық актілерді және нормативтік-техникалық құжаттарды көрсете отырып жазбаша түрде беріледі.

60. Өтініш беруші бастапқы деректер мен сәulet-жоспарлау тапсырмасын алу барысында дәлелді бас тартуға негіз болған ескертпелерді жойған жағдайда қайта берілген өтініш жалпы негізде қаралады.

61. Жергілікті сәulet және қала құрылышы органдары (қызметтері) бастапқы мәліметтер мен сәulet-жоспарлау тапсырмасын берген кезде болжанып отырган өзгерістердің күрделілігіне қарай төмендегідей тәртіппен үй-жайларды немесе ғимараттың өзге де бөліктерін өзгертуді жүзеге асыру туралы шешім қабылдауды :

1) егер техникалық жағынан күрделі емес өзгерістерге тұластай алғанда қосымша жер телімі (аумақ телімін) бөліп беруді талап етпейтін, құрастырылмалардың есептік беріктігін төмендетпейтін, өртке, жарылышқа қарсы және санитарлық, сәulet-эстетикалық сапаны нашарлатпайтын, пайдалану кезінде қоршаған ортаға зиянды әсер етпейтін, жобасына мемлекеттік сараптама жүргізілетін объектілерге жатпайтын болса, онда жұмыстар кез-келген тұлға орындаған ықшамдалған жоба (нобай) бойынша жергілікті сәulet қала құрылышы органының (қызметтің) келісімімен жүзеге асырылады.

Жоспарланған өзгерістерді техникалық жағынан күрделі еместердің қатарына жатқызу туралы шешімді жергілікті сәulet және қала құрылышы органдары (қызметтері) қабылдауды ;

2) үй-жайларды жоспарланған басқа да барлық өзгерту жұмыстары тиісті лицензиясы бар тұлға орындаған жоба бойынша сәulet-жоспарлау тапсырмасында белгіленген көлемде жүзеге асырылуы тиіс.

62. Жергілікті сәulet және қала құрылышы органдары (қызметтері) қабылдаған, 66 тармақта көрсетілген шешімдер нұсқаларының бірі

**сәulet-құрылыс тапсырмасында тіркеледі.**

Сәulet-құрылыс тапсырмасында, сондай-ақ заңнамалық нормалармен белгіленген үй-жайлардың (ғимарат бөліктерінің) ұйғарылған өзгерістерінің жобаларына сараптама жүргізудің қажеттілігі, не мұндай қажеттіліктің болмауы

**көрсетіледі.**

63. Үй-жайлардың немесе тұрғын үй ғимараттарының өзге де бөлігін қайта жаңғырту (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) жобасын әзірлеуге бастапқы деректер мен сәulet-жоспарлау тапсырмасын беру (немесе оларды беруден дәлелді бас тарту) үшін өтініш берушілердің жергілікті сәulet және қала құрылышы органдарына (қызметтеріне) ұсынылған құжаттарын қарау мерзімдері

**Уш жұмыс күнінен аспауды тиіс.**

64. Жобаны әзірлеушілер құжаттамаларда үй-жайларды немесе ғимараттардың өзге бөліктерін өзгерту жөніндегі жұмыс барысында, сондай-ақ өзгерілген объектіні одан әрі пайдалану кезінде басқа меншік иелерінің мұддесін қозғайтын жобалық шешімдердің болуы немесе болмауы туралы мәліметтерді

**көрсетуге тиіс.**

Егер үй-жайларды жоспарланған жаңғырту (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) немесе үй-жайлардың шекарасын ауыстыру басқа меншік иесінің (меншік иелерінің) мұддесін қозғайтын болса, онда жобаға олардың осы өзгерістерге нотариалдық куәландырылған жазбаша келісімі қосылып берілуге

**тиіс.**

Басқа меншік иелеріне аталған келісімді алу қажеттілігі:

1) жергілікті сәulet және қала құрылышы органдары (қызметтеріне) сәulet-жоспарлау тапсырмасын берген жағдайда, өтініш берушінің жоспарлаған

**өзгерістерінде;**

2) жобаны әзірлеушілер қабылдаған жобалау шешіміне байланысты

**белгіленеді.**

65. Үй-жайларды (ғимараттың бөліктерін) өзгерту жөнінде құрылыш-монтаж жұмыстарын жүргізуден бас тарту үшін тек төмендегі жағдайларда:

1) егер қайта жаңғырту (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) туралы жергілікті атқарушы органдардың шешімі өтінішті қарау уақытына әрекет ету

**мерзімі аяқталса;**

2) егер жоба бекітілмеген болса немесе белгіленген тәртіпті бұза отырып

**бекітілсе;**

3) осы қағиданың 54 тармағында көрсетілген органдар жобаны келісімдеуден бас тартса немесе жобалар сараптамасының қорытындысы теріс болса;

4) жоба нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес болмаса орын алуды

**мұмкін.**

66. Үй-жайларды (ғимараттардың бөліктерін) өзгерту жөнінде

құрылым-монтаж жұмыстарын бастауға рұқсат беру немесе оны беруден бастарту мерзімдері он бес жұмыс күнінен аспауы тиіс.

## **11-тaraу. Инженерлік желілерді және ғимараттарды жобалау**

67. Магистральдық инженерлік желілерді және ғимараттарды жобалау мекемелердің және қызметтердің тапсырысы бойынша жүзеге асырылады. Маңғыстау облысында магистральдық инженерлік желілердің және ғимараттарды салуға мүдделі жеке және заңды тұлғалар да кейіннен желілерді облыстың тиісті қызметтерінің балансына берумен олардың жобалауға және салуға тапсырыс берушілер бола алады.

68. Объектілердің қызмет етуін қамтамасыз ететін таратушы және алаң ішіндегі инженерлік желілерді, сондай-ақ үйлердің және ғимараттардың ішіндегі желілерді олардың ұзындығына қарамастан жобалау, құрылым салушылардың тапсырысы бойынша жергілікті сәulet және қала құрылымы органдары берген сәulet-жоспарлау тапсырмасына және облыстың инженерлік қызметтерінің техникалық шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Инженерлік желілерді және ғимараттарды жобалауды тиісті лицензиялары бар жобалау ұйымдары немесе жеке тұлғалар жүзеге асырады.

69. Инженерлік желілердің жобалардың барлық түрлері және сатылары M - 1: 500 масштабында толыққанды және түзетілген топогеодезиялық негізде орындалуы тиіс. Инженерлік желілердің және ғимараттардың дайындалған жобаларды міндettі түрде облыстың бас сәuletшісімен келісу керек.

Инженерлік ғимараттардың жобалары (сорап, қосалқы станциялар және басқа объектілер) белгіленген тәртіпте мемлекеттік сараптама органымен келісіледі.

70. Облыс аумағында инженерлік желілердің және ғимараттардың құрылымын салу жұмыстарын жүргізуге рұқсатты облыстың бас сәuletшісімен келісілген жоба негізінде мемлекеттік сәulet-құрылым бақылау органы береді.

71. Инженерлік желілер мен ғимараттардың құрылымы аяқталғанда құрылым салушы немесе құрылым мекемесі оларды топырақпен көмгенге дейін, лицензия алған топогеодезиялық ұйымның күшімен жаңадан салынған инженерлік желілер телімінің M - 1:500 масштабында орындаушылық геодезиялық түсірілімді қамтамасыз етуге, кейіннен облыстың кадастр қызметінде тіркеуге міндettі.

72. Инженерлік желілерді пайдалануға олардың құрылымы немесе қайта жаңғыртылуы аяқталған кезде, қабылдаушы комиссия белгілеген тәртіпте қабылдайды. Комиссия Актісінің бір данасы мемлекеттік сәulet-құрылым бақылау органына ұсынылады. Инженерлік ғимараттар мен құрылымтар мемлекеттік комиссия қабылдайды.

73. Келісілмеген жобалық құжаттамамен немесе жұмыстар жүргізуға

мемлекеттік сәулет-құрылымың бақылау органдарының рұқсатынсыз инженерлік желілерді және ғимараттарды салу немесе жөндеу жұмыстарын жүргізу ді жүзеге асыратын құрылым мекемесі Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы "Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы" Кодексіне сәйкес әкімшілік жазаға тартылады.

## 12 -тарау. Объектілер құрылымы

74. Азаматтар және занды тұлғалар (тапсырыс берушілер) мемлекеттік сәулет-құрылымың бақылау органынан жобалау құжаттамасы бойынша сараптаманың оң қорытындысы негізінде жұмыстар жүргізуге рұқсат алады.

75. Мемлекеттік сәулет-құрылымың бақылау органы тапсырыс берушінің қажетті құжаттарды ұсынуы бойынша құрылым-монтаж жұмыстарын жүргізуге рұқсат береді ( бұл рұқсаттың мерзімі жыл сайын ұзартылып отырады).

76. Құрылым жұмыстарын жүргізуге рұқсаты бар азаматтар және занды тұлғалар мемлекеттік сәулет-құрылымың бақылау органына объектінің құрылымы басталғаны туралы хабарлайды. Жұмыстарды жүргізу жобада белгіленген құрылым мерзімдеріне сәйкес жүзеге асырылады. құрылым салу кезінде құрылым-монтаж жұмыстарының жобасын және әрлеу жұмыстарының сапасын бұзуға жол берген азаматтар және занды тұлғалар қолданыстағы заңнамаға сәйкес жауапты болады .

77. Объектілерді немесе кешендерді салғанда іргелес аумақтарда, ғимараттарда және құрылымдарды тіршілік іс-әрекетінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ыңғайлы технологиялық процесті ұйымдастыру және құрылымстың эстетикалық қабылдануын қалыптастыру мақсатында, міндепті түрде құрылым алаңын абаттандыру, жергілікті сәулет және құрылым органдарымен келісілген құрылымстың бас жоспарына және жұмыстарды жүргізу жобасына сәйкес қоршаулар жасау, кірме жолдар мен жаяу жол өткелдерін ұйымдастыру, автокөлікті жуу және басқа да шаралар көзделеді.

78. Ескерту: алғыншылар тасталды - Маңғыстау облыстық мәслихатының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы N 10/127 шешімімен (жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн откен соң қолданысқа енгізіледі)

## 13-тарау. Құрылымы аяқталған объектілерді қабылдау

79. Салынған объектілерді пайдалануға қабылдау Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексімен, "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылымы және құрылым қызметі туралы" Заңымен реттеледі.

80. Мемлекеттік қабылдау комиссиясы және қабылдау комиссиясы салынған объектіні, оның бекітілген жобаға сәйкес толық әзірлігі және жұмыс

комиссиясының оң қорытындысы болған жағдайда пайдалануға қабылдайды.

"Қазақстан Республикасындағы сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" Заңың 74 бабында көзделген жекелеген жағдайларда, салынған объектіні пайдалануға қабылдауды меншік иесі (тапсырыс беруші, инвестор, құрылышты салушы) дербес жүргізеді.

81. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі N 242 "Қазақстан Республикасындағы сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" Заңың 74 бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік қабылдау комиссиясының немесе қабылдау комиссиясының оң шешімі болмайынша, салынған объектіні пайдалануға жол берілмейді.

82. Мемлекеттік қабылдау комиссиясы мезгілінде:

1) өндірістік мақсаттағы объектілерді пайдалануға қабылдағанда - комиссия жұмысын бастау белгіленген мерзімнен үш ай бұрын;

2) азаматтық тұрғын үй және коммуналдық мақсаттағы объектілерді пайдалануға қабылдағанда - комиссия жұмысын бастау белгіленген мерзімнен отыз күн бұрын тағайындалады. Сонымен бірге, сол нысан бойынша комиссия жұмысының басталу және аяқталу мерзімі белгіленеді.

83. Мемлекеттік қабылдау комиссиясы, оны тағайындаған күннен бастап екі апта мерзім ішінде орындалған жұмыстардың құрылыш нормаларына және ережелерге, жобалық құжаттамаға сәйкестігін және сапасын, объектінің қалыпты пайдалануға әзірлігін тексеруге және тиісті шешім қабылдауға міндетті.

84. Мемлекеттік қабылдау комиссиясының салынған объектілерді пайдалануға қабылдау актісі (мемлекеттік нормативте белгіленген жағдайларда қабылдау комиссиясының актісі) дайын құрылыш өніміне муліктік құқықты тіркеу кезіндегі бастапқы ерекше құжат болып табылады.

85. Мемлекеттік комиссияның салынған объектіні пайдалануға қабылдау актісі бекітуге жатады. Қабылдау актісін бекітуді мемлекеттік қабылдау комиссиясын тағайындаған инстанция жүргізеді. құрылыш объектілерін пайдалануға қабылдау актілерін бекіту облыстың кадастр қызметінде тіркеуден өткеннен кейін жүргізіледі.

**Қабылдау актісін бекіту:**

1) өндірістік мақсаттағы объектілер бойынша - актіге қол қойылған күннен бастап бір айдан аспайтын мерзімде;

2) азаматтық тұрғын үй объектілері бойынша - актіге қол қойылған күннен бастап жеті күннен аспайтын мерзімде жүргізіледі.

86. Комиссияны тағайындаған инстанцияның объектіні пайдалануға қосу туралы актіге қол қойған күні мемлекеттік қабылдау комиссиясы қабылдаған объектінің пайдалануға қосылған күні деп есептеледі.

Объектінің пайдалануға қосылғандығы туралы актіге қол қойылған күн,

қабылдау комиссиясы қабылдаған объектіні пайдалануға қосқан күн деп есептеле ді.

87. Мемлекеттік қабылдау комиссиясының және қабылдау комиссиясының нақты объекті бойынша өкілеттіктері олардың тағайындалған кезінен басталады және объектілерді пайдалануға қабылдау туралы акт бекітілген кезден бастап тоқтатылады.

88. Жұмыс комиссиясының нақты объекті бойынша өкілеттіктері оның тағайындалған кезінен басталады және пайдалануға қосылатын объектіні кешенді тексеру бойынша тапсырыс берушіге берілген кезден бастап тоқтатылады.

#### **14-тарау. Инженерлік желілерді және ғимараттардың құрылышын салу, жөндеу жұмыстарын жүргізу қағида**

89. Ескерту: алғыншыл тасталды - Маңғыстау облыстық мәслихатының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы N 10/127 шешімімен (жарияланғаннан кейін он құнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

90. Ескерту: алғыншыл тасталды - Маңғыстау облыстық мәслихатының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы N 10/127 шешімімен (жарияланғаннан кейін он құнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

91. Траншеяларды жол жабындысын барынша күтіліп сақталуына кепілдік беретін алдын ала дайындықсыз қазуды бастауға тыйым салынады.

92. Материалдарды жұмыс орнына жұмыс басталғанға дейін 24 сағаттан бұрын жеткізуге болмайды.

93. Көшелерде, аландарда және абаттандырылған басқа аумақтарда жер асты коммуникацияларын төсеу үшін және траншеяларды және қазаншұңқырларды қазу мына талаптарды сақтау арқылы жүргізуі тиіс:

а) жұмыстарды жүргізу жобасына сәйкес жұмыстар бөлшектеліп орындалады ;

б) алдыңғы бөліктегі аумақты тазалау және қалпына келтіру жұмыстарымен қоса, барлық жұмыстар аяқталғаннан кейін ғана келесі бөліктердегі жұмысты бастауға рұқсат етіледі;

в) траншеялардан және қазаншұңқырлардан алынған топырақ жұмыс орнынан тез арада шығарылуы тиіс;

г) траншеяларды қайтадан көму, онтайлы-малтатасты қоспаны қабат-қабат нығыздамен жүргізілуі тиіс;

д) асфальт-бетондық жабындысының ені 4-7 метр көшеге магистральдық инженерлік желілерді төсеген кезде асфальт-бетон жабыны сол көшениң барлық ені бойынша қалпына келтіріледі, ал ені 7 метрден асатын болса,

асфальт-бетондық жабындысын қалпына келтіру жұмыстары траншеяда және құрылыш механизмдер жұмысының аймағында орындалады;

е) асфальт-бетонды жабындысының ені 1,5-2 метрлік тротуарларға телефон канализациясын, электр кабельдері мен басқа да инженерлік желілерді төсеген кезде асфальт-бетондық жабынды тротуарлардың барлық ені бойынша қалпына келтіріледі.

**94. Ескерту: алғыншыл тасталды - Маңғыстау облыстық мәслихатының 2008 жылғы 10 жетекшілік деңгээлік нұсқасынан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**

95. Құрылыш-монтаж жұмыстары барысында немесе аяқталғаннан кейін инженерлік желілер трассаларының жобалары сәйкес келмеген жағдайда, мемлекеттік сәулет-құрылыш органды осы желілерді қайта төсегуте нұсқама береді. Инженерлік желілерді және олардың жабдықтарын жобаға сәйкес келтіру үшін қайта қондыру шығындары осы жұмыстарды жүргізуші мекеменің есебінен орындалады.

96. Инженерлік желілердің монтаждауды және инженерлік ғимараттардың құрылышы аяқталғаннан кейін, соңғыларын топырақпен төсегенге дейін құрылыш мекемесі облыстың кадастр қызметінде тіркеletін орындаушылық түсірілімді орындаиды.

97. Құрылышы аяқталған инженерлік желілерді пайдалануға қабылдауды мемлекеттік қабылдау комиссиясы және жұмыс комиссиясы жүргізеді, оларға тапсырыс берушінің, жергілікті сәулет және қала құрылышы органдарының (қызметтерінің), бас мердігердің, қосымша мердігерлік ұйымдардың, жобалаушы мекемелердің, техникалық инспекцияның және қажет болған жағдайда басқа да мүдделі ұйымдардың өкілдері кіреді.

98. Комиссия ұсынылған құжаттамалар мен салынған ғимараттарды нақты

**қ а р а п :**

- 1) істелген жұмыстардың орындаушылық сыйбаларға сәйкестігін;
- 2) орындалған жұмыстың сапасын;
- 3) аяқталмаған жұмыстарды белгілейді.

99. Инженерлік желілерді пайдалануға қабылдау люктерді, құдықтарды орналастыру және абаттандыру элементтерін толық қалпына келтіру жұмыстарымен қоса, барлық жұмыс аяқталғаннан кейін жүргізілуі тиіс.

100. Облыстың ішкі аумақтарындағы және көшелердегі құдықтардың, жылу камералары мен люктердің жағдайына пайдалануши мекемеге немесе осы инженерлік желі қарауындағы ведомство жауапты болады.

## **15-тарау. Инженерлік желілердегі апатты жою жөніндегі қалпына келтіру жұмыстары**

101. Ескерту: алғыншылдау - Маңғыстау облыстық мәслихатының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы N 10/127 шешімімен (жарияланғаннан кейін он құнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

102. Техникалық инспекция және жол полициясы апат туралы хабарлама алған кезде, оны жою үшін жолды жабу қажет болған жағдайда, жолды жабу және зақымдарды жою мерзімін белгілеу туралы мәселені шешу үшін жауапты тұлғаларды дереу апат орнына жібереді.

103. Ескерту: алғыншылдау - Маңғыстау облыстық мәслихатының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы N 10/127 шешімімен (жарияланғаннан кейін он құнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

104. Егер жер асты ғимараттары тозған жағдайда немесе олардың орнына басқа ғимарат салынса, бірінші ғимарат пайдаланудан шығарылып, топырақ қабатындағы орнынан алынуы тиіс.

105. Жер қазу жұмыстарымен байланысты жұмыс істемейтін ғимараттарды жою (бөлшектеу) жұмыстары экологиялық сараптамадан өткен жобалар бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте техникалық инспекциядан ордер алғаннан кейін ғана жүргізіледі.

## **16-тарау. Тұрғын аумақтарда құрылыш салу**

106. Тұрғын аумақтарда құрылыш салу Ақтау, Жаңаөзен қалалары және облыстың елді мекендерінің бекітілген бас жоспарына сәйкес орындалған құрылыш салу жобасы бойынша жүзеге асырылады.

107. Жаңа тұрғын үй құрылышын салуда өмір сүрудің жайларын қамтамасыз ететін, тұрғындарға инженерлік қызмет көрсетулер мен ең тәменгі әлеуметтік кепілдік қамтамасыз етілген қала құрылышы кешені түріндегі тұрғын орталығын қалыптастыру қарастырылуы тиіс.

108. Тұрғын аумақтарға құрылыш салу сәулелік-қала құрылышы құжаттамасы негізінде жүзеге асырылады.

Тұрғын аумақтарды жобалағанда және тұрғын үйлерді орналастырғанда олар орналасқан үйлерді және жер телімдерін ұстау әрі қызмет көрсету мақсатында көп пәтерлі тұрғын үйлердің тұрғын және тұрғын емес үй-жайларына меншік иелерінің кондоминиумдарын құру мүмкіндігін қарастыру қажет.

109. Көп пәтерлі тұрғын үйлер кешендерін жобалағанда, санитарлық және өртке қарсы талаптарды ескеріп, үстіңгі қабатта балалар ойнайтын спорттық және шаруашылық алаңдарын орната отырып, инженерлік жабдықтар

ғимараттарын және гараждарды орналастыру үшін жер асты кеңістігін барынша пайдалану қажет.

## **17-тaraу. Жеке тұрғын үй (қоныстық) құрылыш салу аумағын ұйымдастыру**

110. Жеке тұрғын үй (қоныстық) құрылыш салу аумағын ұйымдастыру белгіленген тәртіпте әзірленіп, бекітілген құрылыш салу жобасы бойынша жүзеге асырылады.

111. Жеке тұрғын үй (қоныстық) құрылышын салу дегеніміз әрбір тұрғын үйдің (пәтер) өзінің қоныстық жер телімі болатын қоныстық (коттедждік) және блокталған құрылыш салу.

112. Қазақстан Республикасының азаматтарына Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 50 бабына сәйкес бөлек жеке тұрғын үй (коттедж) құрылышы үшін кемінде 0,1 га көлемінде жер телімі бөлінеді.

Сәулет-қала құрылышы құжаттамасына сәйкес, қоныстың жер телімін ұлғайтуға жол беріледі; азаматтарға тұрақты жер пайдалануға тегін берілетін көлемінен артық және осынау телімдер көлемі шегіне дейін меншігіне берілетін қосымша жер телімдері сатып беріледі.

113. Жеке аз қабатты құрылыш аудандарындағы көшелердің ені "қызыл сзықтарда" кемінде 12 метр, көлік өтетін бөлігінде - 5,5 метр болуы тиіс.

Тұйық жолдардың ұзындығы 100 метрден аспай, бұрылатын аландармен аяқталуы тиіс.

114. Жеке аз қабатты құрылыш аудандарында:

1) әлеуметтік-тұрмыстық мақсаттағы объектілерді орналастыру үшін аумақ резерві ұсталуы;

2) көше жол желілерінің және инженерлік инфрақұрылымның озынқы құрылышы жүзеге асырылуы тиіс.

115. Инженерлік жабдықтарды орталықтандырылған қалалық жүйелерге де сонымен қатар, жергілікті және кварталдық дербес ғимараттар құрылышына да қосу көзделуі тиіс.

## **18-тaraу. Аумақта сауда дүңгіршіктерін және павильондарын орналастыру**

116. Ақтау, Жанаөзен қалалары және облыстың елді мекендерінің әсем сәулеттік бейнесін сақтау және қалыптастыру, сондай-ақ көшелерді тиісті эстетикалық және санитарлық жағдайда ұсташа мақсатында, сауда дүңгіршіктерін және павильондарын орнату атқарушы орган бекіткен сауда дүңгіршіктерін және павильондарын орналастыру кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

117. Бекітілген орналастыру кестесіне сәйкес орнатылған жұмыс істейтін дүңгіршіктер, оларды бұзу немесе басқа телімге ауыстыру туралы ескерту берілгенге дейін қызмет етеді.

118. Сауда дүңгіршіктері және павильондары орналасқан жер телімдері, сауда дүңгіршектерінің және павильондарының иелеріне тек жалға берілуі мүмкін. Сауда блогы және аялдама қалқаның арақатынасы аялдама павильонының жалпы ауданынан тең үлесте құрылуы тиіс.

## **19-тарау. Тұрғындар иелігіндегі көлік құралдарын сақтау және оларға қызмет көрсетуге арналған ғимараттарды орналастыру**

119. Тұрғын кварталдарда, шағын аудандарда, тұрғын аудандарда автомобилдерді тұрақты сақтау үшін гараждарды және аландарды орнату жергілікті атқарушы органдар бекіткен облыс аумағында гараждар және автотұрақтар орналастыру сызбасына сәйкес жүзеге асырылады.

120. Мүгедектер автомобилдерін сақтау үшін гараждар орнату, белгіленген тәртіпке сәйкес жүргізіледі. Азаматтардың осы санаттарына жер телімдерін беру үшін дайындық материалдарын ресімдеуді жергілікті сәулет және қала құрылышы органдары жүзеге асырады.

121. Кооперативтік гараждар мен автотұрақтарды жобалау, және құрылышын салу қолданыстағы құрылыш нормалары мен ережелерін сақтай отырып жергілікті атқарушы органдар белгілеген тәртіpte жүзеге асырады.

Өз бетімен гараждар мен автотұрақтардың құрылышын салуға, сондай-ақ жұмыс істейтін автотұрақтарда қалқалар орнатуға жол берілмейді.

122. Iрі сауда және қоғамдық ғимараттарды жобалағанда, ішінен немесе жанынан жер асты гараждарын салуды қарастыру қажет.

123. Автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсету станциялары өндірістік базалардың қоғамдық магистральдарына жақын, өнеркәсіп-коммуналдық және көлік кәсіпорындарынан оқшауланған санитарлық-қорғаныс аймақтарының телімдерінде, тұрғын үй құрылышынан қашық орналастырылады.

124. Стационарлық май құю және техникалық қызмет көрсету станциялары, ыңғайлы көлік кірме жолдарын ұйымдастырумен жалпы қалалық магистральдарда арнайы бөлінген аландарда орналасуы тиіс.

Контейнерлік май құю станциялары өртке қарсы, экологиялық талаптарды сақтай отырып, уақытша резервке сақталатын аумақтарда орналасуы мүмкін.

Техникалық қызмет көрсету станциясын (ТҚС), стационарлық май құю станциясын, (СМС) автомобилдерді жуу пунктін және басқа да қызмет көрсететін объектілерді бір алаңға біріктіруге болады.

125. Май құю және техникалық қызмет көрсету станцияларын орналастыру, олардың бекітілген орналасу кестесіне сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

126. 124-130 тармақтарында көрсетілген құрылыш объектілері экологиялық сараптамадан өткен жобалар бойынша жүзеге асырылады.

## **20-тaraу. Мүгедектердің ынғайлы қозғалысын қамтамасыз ету мақсатында арнайы құрылғылар құрылышын жобалау**

127. Объектінің немесе кешеннің құрылышын жүзеге асыруды ұйғарған жеке және заңды тұлғалар (тапсырыс берушілер), мүгедектердің ынғайлы қозғалысын қамтамасыз ету мақсатында арнайы құрылғыларды қарастыруға міндettі. Бұл жергілікті сәулет және қала құрылышы органдары (қызметтері) дайындаған сәулет-жоспарлау тапсырмасымен анықталады.

## **4-бөлім. қала құрылышы қызметін жүзеге асыруды бақылау 21-тaraу. қала құрылышы қызметін жүзеге асыруды бақылау**

128. Қала құрылышы қызметінің жүзеге асырылуын бақылау қала құрылышы құжаттамасы саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды, мемлекеттік қала құрылышы нормативтері мен құрылыш салу қағидаларын сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған.

## **22-тaraу. Маңғыстау облысы аумағында жекелеген құрылыш объектілерін жобалау, келісу және салу тәртібін бұзғаны үшін жауапкершілік**

129. Маңғыстау облысы аумағында құрылыш салу қағидаларын бұзғаны үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді.